

ЖОО Ұйымы (YÖK), Study in Turkey маркасымен әлемге танылуда

2019 жылы ЖОО Ұйымы (YÖK) өзінің Study in Turkey маркасын халықаралық платформаға көшірді. Шетелдік студенттер www.studyinturkey.gov.tr сайты арқылы түрік тілі, Түркия қалалары және университеттері туралы өздеріне керекті ақпараттарды ала лады. Бұл сайтта Түрік университеттері туралы ақпараттардан басқа студенттерге арналған стипендиялар, шетелдік студенттердің мақалалары, өмір сүру шарттары, түрік мәдениеті және асханасы т.б. ақпарат жинақталған. Түрікше және ағылшын тілінде қызмет беретін интернет сайты жақында араб тілінде де қызмет көрсетуді жоспарлауда.



Жоғарғы Оқу Орындары ұйымы (YÖK) директоры Иекта Сарач

Жоғарғы Оқу Орындары ұйымы (YÖK) директоры Иекта Сарач:

Білім мен мәдениеттің тоғысқан жері: Түркия

Шетелдік студенттерді медицина мен инженерлік салаларынан бастап көптеген салаларда сапалы және нақты біліммен оқытатын Түрік университеттеріне оқуға шақырамын.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде түрлі мәдениеттерді қонақ еткен Түркия Республикасының сансыз мәдени мұрасы һәм Шығыс әлемімен һәм Батыс әлемінен алған тәжірибилерімен байып осы күнге дейін келген. Түркияның көне университеттерінің бірі Ыстанбұл университетінің ескі аты Sahn-ı Seman деп аталған екен. Ол XV ғасырда құрылып, қазіргі уақытта Ыстанбұл университеті ретінде студенттерге білім беруде.

Түркия ЖОО бойынша соңғы жылдары біршама ілгерлеп, бірнеше салаларда маңызды істерге өз ізін қалдырды. Қазіргі таңда Түркия ЖОО-да 8 миллионға жақын студент, 160 мыңнан астам ұстаз және 206-ға ЖОО-ы бар екен. Түркия студент санымен Еуропа жоғары білімдер орталығының алдыңғы қатарлы университеттері болып саналады. Осылайша Түркиядағы жоғарғы оқу орындары өз салаларында жақсы нәтиже көрсетіп, қоғамға пайдалы іс жасауда.



COUNCIL OF HIGHER EDUCATION

Жоғары оқу орындарына түсу боллдарының жоғарылауы, медицина, құқық, инженерлік, архитектуралық және педогогикалық бағдарламаларға түсу боллдарының жоғарылауы, докторантура бағдарламалырына түсу шарттарының өзгеруі кейбір мамандықтарға шет тілі сертификаттарын талап етілуі сияқты шарттармен болашаққа білікті маман, өз ісінің мықты кадрларын жетілдіру біздің мақсаттарымыздың бірі болып саналады.

Соңғы бірнеше жыл ішінде Түрік ЖОО-ына тіркелген шетелдік студенттер санының артуы көрінуде. Төрт жыл бұрын 48 мың болған шетелдік студенттер саны қазіргі уақытта 148 мыңға жетті. Түркияда білім алуды

қалайтын шетелдік студенттерге Еуропа стандарттарына сай білім беріледу.

2001 жылы Түркия Бологно Суресіне кірді. Осы бойынша студенттерге берілетін диплом халықаралық стандарттарға сай болды.

206 университет тарапынан 2 мың 748 шет тілді, жалпы алғанда 45 мыңнан астам дайындық, бакалавр, магистратура және докторантура бағдарламаларында оқып жатқан студенттерге оқуларының бір бөлігін шет елдерде жалғастыру мүмкіндіктерін ұсынуда. Эрасмус+ бағдарламасымен 2004 жылы 55 мыңнан астам шетелдік студенттер Түркияға келсе, 150 мыңнан астам Түркиялық студент Еуропа университеттеріне барып білімін шыңдап келуде.

Шетелдік студенттерді медицина мен инженерлік салаларынан бастап көптеген салаларда сапалы және нақты біліммен оқытатын Түрік университеттеріне оқуға шақырамын.